"ҚЫЗЫЛОРДА ТАЗАЛЫҒЫ" МАҚСАТЫ - ТАЗА ҚАЛА

Қызылорда қаласының тазалығын қамтамасыз ету - аймақтың дамуы мен тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартудағы басты бағыттардың бірі. Осы мақсатта жұмыс істеп келе жатқан «Қызылорда тазалығы» мекемесі қаланы таза, әрі көрікті ету үшін күнделікті ауқымды жұмыстар атқаруда.

«Қызылорда тазалығы» мекемесі қаламызды абаттандыру, көшелерді қоқыстан тазарту, тұрмыстық қалдықтарды жинау және залалсыздандыру жұмыстарымен айналысады. Мекеме қызметкерлері күн сайын көшелерді, қоғамдық орындарды, саябақтар мен демалыс аймақтарын тазалап, қала тұрғындарына жайлы орта қалыптастыру үшін еңбек етуде. Осы орайда мекеменің қысқы тазалау жұмыстары туралы және тағы да басқа мәселелер бойынша мекеме басшысы Мақсат Жүсіппен сұхбаттасқан едік.

- Мақсат Өмірбекұлы, «Қызылорда тазалығы» мекемесінің негізгі міндеттері мен бағыттары қандай?

- «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің міндеті Қызылорда қаласының көшелерінің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету. Мекеме екі бағыт бойынша жұмыс атқарады. Бірінші бағыт: қала көшелерінің санитарлық тазалығы мен тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару, екінші бағыт: тұрғын үй қорын жаңғырту яғни модернизация.

- Қаламыздың тазалығын сақтау үшін қандай шаралар жүзеге асырылады?

- Тұрмыстық қалдықтарды жинаудың жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын жүйе орталықтандырылған жүйесі арқылы жұмыс атқару, яғни қала тұрғындары қалдықтарды бей-берекет жерге тастамау, кәсіпорын бекіткен қаламыздың әр көшесіне бекітілген кесте арқылы қалдықтарды шығарып, кәсіпорын тарапынан сол бекітілген күні қалдықтарды алып кету шаралары қолданылуда және кәсіпорын тарапынан арнайы мобилдік топ құрылып, бей-берекет қалдықтарды тастаған тұрғындарға ескертпе жазбалары, айыппұл салу шаралары жүргізілуде. Сонымен қатар мекеме қызметкерлерімен бірлесе отырып рейдтер жүргізіліп, қала тазалығы ортақ, тазалықты бірлесе отырып жүргізейік, бей-берекет жерге қалдықтарды тастамай, кәсіпорынмен келісім шартқа отырып, қала көшелерінің тазалығын сақтайық деген ұсыныстар жасалуда.

- Күнделікті жұмыс барысында қандай қиындықтармен жиі кездесесіздер?

- Басты қиындық қанша ескертпе шаралары жүргізілсе де, қала тұрғындарының қалдықтарды белгіленбеген көше қиылыстарына тастап кету, көпқабатты тұрғын үйлер ауласына орналастырылған қалдық контейнерлеріне қалдықтарды келісім шарт жасамай апарып тастау, контейнер айналасына қалдықтарды бей-берекет лақтырып тазалық сақтамау болып табылады. Қаламыздың шет аймақтарына автокөлікпен жасырын түрде түн мезгілінде қалдықтарды тастау тоқтамай тұрғандықтан, стихиялық қалдықтар көлемі ұлғаюда.

- Тазалық жұмыстарын жүргізуде қандай технологиялар қолданылады?

- Қала көшелерін арнайы көліктермен сыпыру, жаз мезгілінде су себу, қыс мезгілінде қар жауғанда көшелерді арнайы көліктермен сыпыру, көктайғақ болдырмау мақсатында құм, тұз аралас қоспа себу, жаз айларында көшелерін арам шөптерден тазалау, жол-жиек тастарды жуып тазалап әктеу, қала көшелеріндегі талдарды әктеу ұдайы жүргізілуде. Көпқабатты тұрғын үйлер ауласында орналасқан қоқыс контейнерлері арнайы автокөліктермен тазартылады. Сол жақ жағалау мөлтек ауданына жаңа пилоттық жобамен жартылай жерасты 10 қоқыс жәшігі қойылып, оған қызмет жасайтын арнайы КАМАЗ автокөлігі алынды.

- Алдағы уақытта жолдар мен тротуарлардың қардан және мұздан тазарту қалай ұйымдастырылады?

- Жыл сайын қыс мезгілінде қар тазалау жұмыстарына кәсіпорынның көше тазалығын атқаратын жұмысшылары қала көшелерін, жаяу жүргінші жолдары мен бордюр жиегін қардан аршып тазалайды. Қыс айларында кәсіпорын тарапынан басқарушы екі қызметкер, үш сектор меңгерушісі, тоғыз шебер, елу алты жүргізуші және екі жүз жұмысшы жұмылдырылып, жалпы алғанда 270 адам қызмет көрсетеді.

- Қыс мезгілінде туындайтын басты қиындықтар қандай және олардың шешу жолдары қандай?

- Қысқы жағдайда күтіп-ұстау үшін үлкен күш жұмылдырылады. Қыс мезгілінде кездесетін басты қиындық жауын-шашын уақытында қала көшелерінде кептеліс болып, уақытылы қардан тазалау қиындықтары туындайды. Қар жауған кезде көшелерді тазалаудың екі түрі бар. Механикаландырылған және қолмен. Бірінші кезекте, ереже бойынша жолдарда кептеліс болмауы үшін қозғалыс өте көп жолдар тазартылады. Одан әрі орташа қозғалыс учаскелері алаңдар, вокзал маңындағы аумақтар қардан тазартылады. Механикаландырылған тазалау мен қар күреп сыпыру – жинау машиналармен және сыпыру тракторлармен жүргізіледі. Яғни, алдымен қар жүретін жолдан жол жиектеріне жиналады. Сол жерден жұмысшылар қарды жинайды. Қала жолдарының жаяу жүретін бөлігі тайғаққа қарсы материалдармен өңделеді. Ол қар жауа бастағаннан себіледі. Бірінші кезекте, көлік қозғалысы үшін ең қауіпті көшелердің учаскелері, көпірлер, көше қиылыстарындағы және қоғамдық көлік аялдамаларындағы тежеу алаңдары тазартылады.

- Қар тазалау және көк тайғаққа қарсы материалдарды себу үшін қандай ресурстар қолданылады?

- Көк тайғақты болдырмау мақсатында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жарияланып, техникалық тұз және құм алынды. Арнайы техникамен тұз- құм аралас қоспа себіледі. Қазіргі таңда арнайы қоспа сақтайтын кәсіпорын базасында 2000 тонна құм, 310 тонна теникалық тұз бар.

- Қысқы тазалау жұмыстарын жүргізу үшін қандай арнайы техника мен жабдықтар дайындалған?

- «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын бойынша қыс мезгіліндегі қарды тазалау жұмыстарын жүргізуге арналған 57 техника бар.

- Қала тазағын жақсарту үшін тұрғындарға қандай ұсыныстар бересіз?

- Қала тазалығын жақсарту үшін тұрғындарға айтылатын басты ұсынысымыз қала тазалығы бәрімізге ортақ. Сол себепті қалдықтарды бей-берекет жерге тастамай, қалдықты кесте бойынша шығарса, әркім өзіне тиесілі ауласын таза ұстаса қаламыз сол кезде ғана жайнап-құлпырып тұрады.

«Қызылорда Тазалығы» мекемесінің жұмысы қаланың тазалығы мен экологиялық жағдайын жақсартуға айтарлықтай үлес қосып келеді. Бұл мекеменің атқарып жатқан қызметі тек қана қала келбетін жақсартып қоймай, тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын да нығайтады. Қала тазалығына үлес қосу – әр азаматтың міндеті, ал мекеме осы бағытта үздіксіз қызмет атқарып, Қызылорданы одан әрі көркейту жолында аянбай еңбек етуде.

Сұхбаттасқан
Мұхаммедшах КАЮП

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ – ҚУАТТЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ

Қызылорда қаласындағы Достық үйінде «Кәсіпкерлікті дамыту – қуатты экономиканың негізі» тақырыбы бойынша семинар өтті. Кәсіпкерлік бастамаларды іске асыруға берері мол семинардың бірінші кезеңінде қызылордалық кәсіпкерлердің өнімдері қойылған көрме таныстырылды.

Семинарды арнайы ашып берген Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратов бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес субъектілерін құру және оның экономикадағы үлесін арттырудың маңыздылығын атап өтіп, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар кәсіп иелерін қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады.

- Экономиканың барлық саласында жұмыс жасайтын шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Биыл облыс орталығындағы жеке кәсіпкерліктің 1409 жобасы барлық қаржы көздерінен 30 млрд. теңгеге қаржыландырылды. Нәтижесінде қала кәсіпкерлерінің саны 33 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылған адамдар саны 65 мыңнан асты. Шағын және орта кәсіпкерлікпен 300 млрд. теңгеге өнім өндірілді, - деді Пакуатдин Сражадинұлы.

Мұнан кейін қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар кәсіп иелері қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Атап айтар болсақ: Мәмен Балдырған Нұртуғанқызы - «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы, Мухимова Жібек Өтешқызы - «Тұмар» ШҚ директоры, Кенжеқараева Маржан Батыржанқызы - «Ризық» ЖШС директордың орынбасары, Бижан Қалмырза Жаңбырбайұлы - ЖК «Мед и ЭкоПродукты» директоры, Прекешов Ғалым Маратұлы - «NP-Consulting» ЖШС директоры, Искакова Гүлнұр Серікқызы - «Қызылорда Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымының несие бөлімінің сарапшысы, Қоңырбаева Набат Жұмаділлақызы - «Қазақстан Халық Банкінің» шағын бизнесті несиелеу орталығының басшысы, Абдуллаева Салтанат Сәкенқызы - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының бағдарламаларды жылжыту бойынша бас менеджері, Баймахан Бексұлтан Алимурұлы - «Айнур Кейкс» компаниясының басқарушы менеджері, Огай Василий Владимирович - жеке кәсіпкер, Қожантай Бибігүл Қожабергенқызы - жеке кәсіпкер, Матназарова Бақытнұр Жақсылыққызы - жеке кәсіпкер, Жұмабекұлы Нұрсұлтан - №4 «Гелиос» АЭС бекетінің менеджері.

Кәсіпкерлік барлық уақытта елдің экономикалық дамуының негізгі факторы болып табылады. Ойталқыны «Халық» қайырымдылық қорының Алматы облысы бойынша филиалының жоба менеджері Ербол Маралұлы бастап, бизнесті ойлау психологиясының негіздеріне тоқталып өтті.

Семинардың екінші кезеңіндегі ойталқыны «Халық» қайырымдылық қорының Алматы облысы бойынша филиалының жоба менеджері Ербол Маралұлы бастап, бизнесті ойлау психологиясының негіздеріне тоқталып өтті.

- Кәсіпкерлер экономикалық қатынастардың қатысушылары ретінде экономикалық үдерісте жетекші рөл атқарады. Қазақстанды және қазақстандық тауарларды халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті ету, әділдік пен прагматизм негізінде серіктестермен және тұтынушылармен қарым-қатынас жасау, ұлттық бірегейлікті жоғалтпай, бизнесті жүргізудің үздік инновациялық тәсілдері мен тетіктерін таңдау, бизнес-процестерге жаңа білім мен технологияларды әкелу кәсіпкерлердің қолынан келетін іс. Олар елдің эволюциялық және ашық дамуына көмектеседі. Кәсіпкерлердің басқа адамдардан басты айырмашылығы – олар ойлаудың ерекше үш қасиетіне ие: олар белсенді, жауапты және нәтижеге бағытталған,-деді ол.

Келесі спикер «The One System» компаниясының негізін қалаушысы Аслан Жұмабаев бизнесті жүйелеу әдістері туралы тақырыпты қозғады.

- Бизнесті нөлден бастауға болады. Неден және қалай бастау керек? Бастау үшін ақшаны қайдан алуға болады? Алдымен сіз ақша табуды бастау үшін не істеу керектігін түсінуіңіз керек – қызметтер көрсету немесе тауарлар? Бүгінгі таңда тек дайын өнімдер ғана емес, сонымен қатар жеке білім, дағдылар, талант пен тәжірибе де үлкен сұранысқа ие. Біріншіден, сіз өзіңіздің күшті жақтарыңыздан бастауыңыз керек, не істеу керек екенін білуіңіз керек, мысалы, мұғалім білім беру орталығын аша алады, ал бухгалтер компанияларда бухгалтерлік есеп пен аудит жүргізуге көмектеседі. Екіншіден, сізге белгілі бір нарықты зерделеп, сол нарық түріндегі сұраныстарды түсініп, бәсекелестердің ұсыныстарын зерделеп, өзіңіздің жаңа қызметіңізді ұсынуыңыз қажет болады. Мысалы, жаяу жететін жерде кофехана болмаса, кофе машинасын сатып ала отырып сіз бариста қызметтерін ұсына аласыз. Егер сіз белгілі бір бастаманы таңдаған болсаңыз, сізге бизнес-жоспар әзірлеу керек. Барлық қажетті тармақтарын қарап шығу керек, идеяңызды жүзеге асыру үшін шығындарды есептеңіз. Жаңадан бастағандар үшін кеңсені жалға алмай-ақ, үйде отырып жұмыс істеуге болады. Мысалы, хоббиіңізді кәсіпке айналдыра аласыз. Мәселен нан пісіру, кесте тігу дегендей.

Мұнан кейін « NP-Consulting» ЖШС директоры Ғалым Прекешев кіші өндіріс кәсіпорындарын дамыту жолдарын жан-жақты түсіндірді. Азаматтардың қаржылай сауаттылығы төңірегінде «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы Балдырған Мәмен, ал «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы мүмкіндіктер туралы ҚР АШМ Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаментінің бас сарапшысы Сұңғат Серікбайұлы сөз етті.

- Мен бұл семинарға спикер ретінде Алматы қаласынан арнайы келдім. Айтатын тақырыбым – бизнесті ойлау психологиясы. Кейбір адамдар кәсіпті бастауды оңай деп ойлайды. Кәсіпкерлік дегеніміз – белгілі бір істі істей білу. Іс істеу – адамның белсенділігі және іскерлігі. Ал белсенділік және іскерлік дегеніміз – адамның еркін өмір сүру түрі, – дейді «Халық» қайырымдылық қорының Алматы облысы бойынша филиалының жоба менеджері Ербол Маралұлы.

Форумда өңірлік өндірістен шығатын өнімдер көрмесі ұсынылды. Оның ішінде, жартылай дайын өнімдер, жартылай фабрикатталған шұжықтар мен нан өнімдері, тіпті дастарқаннан дайын мұздатылған ірілі-ұсақты тағамдарға дейін көрініс тапты. Осы орайда жергілікті жеке кәсіпкер Василий Огаймен пікірлескен едік.

– Мен нан және кондитер өнімдерін өндіру кәсібімен айналысып келе жатқаныма 10 жылдан аса уақыт өтті. Арнайы семинардың алдында өз өнімдерімді көрмеге әкелдім. Үкімет тарапынан түрлі жобаны, грант ұтып алған жас кәсіпкерлерді көріп қуанып тұрмын, – дейді жеке кәсіпкер Василий Огай.

Аталмыш форумға ерікті жастар мен жеке кәсіп иелері қатысты. Жиынның мақсаты – жас кәсіпкерлер мен брендтік имиджі қалыптасқан жеке бизнес иелерінің арасында тәжірибелерімен бөлісу. Сондай-ақ, өңіріміздің өндірілетін өнімдерді таныстыру. Семинар соңында спикерлермен пікір алмасулар жүріп, көптің көкейінде жүрген бизнес саласындағы сұрақтарға жауап берді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛҒАН ЖОБА КӨП

Биылғы жылдың 1 қазанында Қызылорда қаласында тіркелген кәсіпкерлердің саны **34 814**-ке жетіп, оның ішінде жұмыс жасап тұрғандар үлесі **93,7%-ды** немесе **32 625 бірлікті** құрады.

Мемлекет басшысының «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында «**Ауыл аманаты**» жобасы қабылданғаны белгілі.

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту үшін Бағдарлама аясында **бірінші лекте 142,13 млн. теңгеге 16 жоба** қаржыландырылды.

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» МҚҰ» ЖШС тарапынан қалаға қарасты кент және ауылдық округтардан **«Іскер»** бағдарламасы шеңберінде **117,3 млн.теңгені** құрайтын **22 жоба** қаржылай қолдау тапты.

Аталған ұйымның «Қызылорда облысының ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеуді дамыту» пилоттық жобасында **289,5 млн.теңгеге 15 кәсіпкерлік субъектілерінің жобасы** мақұлданып, **190,5 млн.теңгені** құрайтын **9 жоба** қаржыландырылды. *2023 жылы 798,5 млн. теңгеге 82 жоба.*

Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынылған несиелерін Даму қорымен субсидиялау шаралары жалғасуда. Жыл басынан бері жалпы құны **13,7 млрд.** теңгені құрайтын **393 жоба** қолдау тапты.

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ӨСІП ТҰР

2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Қызылорда қаласы бойынша өңдеуші өнеркәсіп саласында **72 млрд. 667 млн.** теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда **100,3%-ды** құрады.

Жыл басынан бері өңдеуші өнеркәсіп саласында жалпы құны 7 млрд. теңгені құрайтын **2 жоба** іске қосылды.

Атап айтар болсақ: *«Orda Glass LTD» ЖШС-нің энергия үнемдейтін шыны өндірісі жобасы;(6,7 млрд. теңге) – 30 адам жұмыспен қамтылған.*

«Строительно-Транспортная Компания» ЖШС-нің металл конструкция өндірісі жобасы. (300 млн. теңге).

Сонымен қатар алдағы уақытта өңдеуші өнеркәсіп саласында жалпы құны 11 млрд. теңгені құрайтын **2 жобаны** іске асыру бойынша сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде.

Анықтама үшін:

«With You E&C Kyzylorda» ЖШС-нің қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу зауыты; (9,5 млрд. теңге);

«Ayna glass» ЖШС-нің жоғары технологиялы айна шығару жобасы. (1,5 млрд. теңге).

ҚАЛАДА ИНВЕСТИЦИЯ КӨП ПЕ?

2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында қала көлемінде негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі **199 млрд. 497 млн.** теңгені құрап,өткен жылмен салыстырғанда **115,4%-ды** құрады. Биылғы жылдың тоғыз айында жоспарланған жылдық меженің **72,8%-ы орындалды**.

Жыл соңына дейін межені толық орындау үшін жоспарға сәйкес тиісті жұмыстар жасалуда. Нақтырақ айтсақ, мемлекеттік бюджет қаражаты және жеке қаражат есебі арқылы орындалады деп күтілуде. Бұдан бөлек, қосымша резервтерді іздестіру арқылы жүзеге асатын болады. Мәселен, қыркүйек айына қосымша резервтерді іздеу арқылы 2 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды.

ҚАЛА БАЗАРЛАРЫ ЖАҢАРАДЫ

Сауданы дамыту саласы бойынша Қызылорда қаласында 2024 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында жалпы сауда айналымы **506,6 млн.теңгені** құрады: бөлшек сауда **321,0 млн.теңге**, көтерме сауда **185,6 млн.теңге**.

Қала аумағында жалпы ауданы **166 968 ш.м.** құрайтын**, 2 693 сауда орны** бар **11 базар** жұмыс жасайды. Оның ішінде **әмбебап 5 сауда базары** *«Жаңа базар», «Сұлтан», «Сыбаға», «Қанат», «Талғат»*, 6 **мамандандырылған сауда базары** *«Сәулет», «Гүлдана», «Ақтөре», «Сығанақ», «Бұлан» және автокөлік базары*.

Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 30 наурыздағы «Сауда базарларын жаңғырту жол картасына» сәйкес базарларды жаңғыртып, заманауи сауда форматына көшіру кезеңімен 2025 жылдың желтоқсан айына дейін жоспарланған.

Әмбебап базарларын жаңғырту жұмыстары аясында Қанат базары толық модернизациядан өтті.

«Асбол» сауда базары екінші деңгейлі банкке («Қазақстан Халық банкі» АҚ)несиелендіруге құжаттарын өткізді. Мақұлданған жағдайда құрылыс жұмыстарын бастауға әзір.

«Сыбаға» базарын жаңғыртуға жұмыс жобасы әзірленіп, эскиздік жобасы бекітілді.

«Сұлтан-2» сауда базары ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап құрылыс-монтаж жұмыстарына рұқсат алып, мердігер «СК Монтаж Строй» ЖШС-мен келісімшартқа отырды. Құрылыс жұмыстары жалғасуда. Жеңілдетілген несие алуға екінші деңгейлі банктерге («Банк Центр Кредит» АҚ, «Береке банк» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ) құжат тапсырылып, банк жауабы күтілуде.

«Талғат» базарының тиісті құжаттары әзірленіп, архитектуралық жобалық тапсырмасы (АПЗ) және эскиздік жобасы әзірленді. Базар басшылығы құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін қаражат көздерін қарастыруда.

Сыбаға базары-1,5 млрд.теңге; Сұлтан базары-1,5 млрд.теңге; Асбол базары-4,6 млрд.теңге; Талғат базары-2 млрд.теңге төрт сауда базарын жаңғырту жұмыстарына **9,6 млрд. теңге** қаражат қажет етіледі.